

ТӘЖІКСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ СОҒЫС ЖӘНЕ ОНДАҒЫ БҰҰ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІТІМГЕРШІЛІК РӨЛІ

*Жабина Ж.Р.¹, Сейтнур Ш.А.²

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ доценті,
саясаттану ғылымдарының докторы,
Алматы, Қазақстан, e-mail: zh.zhabina@mail.ru

²Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ 2 курс магистранты,
Алматы, Қазақстан, e-mail: Shinar.askarovna@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты Тәжікстандағы азаматтық соғысты реттеудегі БҰҰ-ның, бақылаушы елдердің, сондай-ақ ондағы Қазақстанның бітімгершілік күштерінің қызметіне талдау жасау болып табылады. Мақалада Біріккен Ұлттар Ұйымы тәжікаралық қақтығыстарды реттеу және елге бейбітшілікке қол жеткізуге баға жетпес көмек көрсетіп қана қоймай, нақты жағдайларды шешуде болашақта өзінің қызметіне пайдалы болуы мүмкін маңызды тәжірибеге ие болғандығы жайлы баяндалады.

Авторлар мақалада мемлекеттегі ауыр жағдайды тұрақтандыру мақсатында өткен келіссөздер үрдісі мен нәтижесі жайлы, сондай-ақ Тәжікстандағы орын алған жағдайға ұқсас жағдай ретінде Қазақстанның біршама қалаларында өткен көтерілістердің және оны реттеудегі ҰҚШҰ аймақтық ұйымының рөлін анықтайды. Мақалада авторлар Тәжікстанның соғыстан шығу тәжірибесі, ұлттық келісімге келуі және саяси тұрақтылыққа қол жеткізуі туралы талдай келе, Орталық Азия елдерінде бар саяси, әлеуметтік қарама-қайшылықтарды тек күш қолдану әдістерімен ғана шешуге ұмтылыс перспективалы емес екенін көрсетеді.

Тірек сөздер: азаматтық соғыс, Тәжікстан, БҰҰ, Қазақстан, жанжал, келіссөздер, ҰҚШҰ.

Негізгі ережелер

Бүгінгі таңда Орталық Азия елдері арасындағы аймақтық ынтымақтастық өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың негізі болып табылады. Тәжікстандағы азаматтық соғысты реттеудегі БҰҰ мен аймақта орналасқан елдердің жұмыла жүк көтеріп, қақтығысты реттеудегі ықпалы осының айқын көрінісі болып табылады.

Кіріспе

Қаңтар айының басындағы Қазақстанның бірінғай қалаларында орын алған қайғылы оқиғалар, тіпті Қазақстан секілді тұрақты елде бейбітшілікті сақтаудың оңай емес екендігін көрсетті. Әлбетте мұндай ішкі және сыртқы деструктивті күштердің бірігуінің нәтижесінде мемлекетке жағдайды тұрақтандыру аса қиынға соғатыны белгілі. Алайда, қаңтар дағдарысы кезіндегі Республикаға ҰҚШҰ бітімгершілік контингентінің жедел енгізілуі көпшілікті таң қалдырды. Бұл өз кезегінде Қазақстанды өткен ғасырдың 90-жылдарында Тәжікстанда орын алған азаматтық соғыс тағдырынан сақтады.

Белгілі болғандай Тәжікстандағы азаматтық соғыс 1992 жылдан 1997 жылға дейін 5 жылға созылған. Тәжікаралық қақтығыстардың нәтижесінде ресми ақпараттарда 60 мың адам, ал шетелдік мамандардың ақпараттарына сәйкес 100 мыңнан аса адам жәбірленген енді 1,5 миллионы босқындарға айналған. Бірақ бүгінгі таңда зардап шеккендердің нақты саны әлі күнге дейін даулы мәселе болып табылады.

Тәжікстандағы азаматтық соғыс пен Қазақстандағы қаңтар оқиғасы екі мемлекетті байланыстырушы ортақ қаза болып табылады. Тәжікаралық қақтығыстардағы БҰҰ-ның, Қазақстандағы ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің рөлі бұл орайда үлкен маңызға ие.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеу барысында ресми құжаттар мен ғылыми дереккөздерді пайдалана отырып, отандық және шетелдік авторлардың ғылыми көздеріне талдау жасалды, сондай-ақ жүйелеу және жалпылау эмпирикалық әдістері қолданылды.

Нәтижелері

КСРО ыдырағаннан кейін посткеңестік мемлекеттерде бір қоғамдық-саяси күйден екіншісіне ауысу үрдісі басталған болатын. Алайда бұл үрдіс әу бастан егемендік алған елдердің барлығында бірдей сәтті жүзеге асырылған жоқ. Сол кездегі тәуелсіздік алған мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек, ең алдымен мұндай жағдайларда елде билік үшін күрес күшейеді, билеуші топтар арасындағы саяси күрес шиеленісіп, билікті барынша ұстап қалу талпынысы орын алады. Нәтижесінде қоғам түрлі ішкі және сыртқы себептерге байланысты саяси қарама-қайшылықтарға одан соң әскери қақтығысқа еріксіз тап болады. Сол кездегі қауіпті аймақтардың біріне айналған ел Тәжікстан болды.

1992 жылы сайлаудағы наразылықтан басталған Тәжікстандағы азаматтық соғыс, ең алдымен саяси күштердің XX ғасырдың аяғындағы күрт шиеленіскен кешенді аймақаралық қарама-қайшылықтар мен мәселелерді уақытылы шеше алмауынан, елдің оңтүстік аймақтарының экономикадағы, халықтың демографиялық құрылымындағы, елдің идеологиялық өміріндегі және т.б. рөлінің күшейе түсуінен туындаған болатын [1].

Шиеленіскен қақтығыс бірқатар жағымсыз үрдістерді тудырды: біріншіден, сол кездегі елдің тәуелсіз ел ретінде дамуға дайын еместігі белгілі болды. Екіншіден, жоғарғы билікке тең дәрежеде қол жеткізу мәселесі шешілмеді. Үшіншіден, орталық биліктің ыдырауы және жаңа билік орталықтарының пайда болу үрдістері күшейді. Төртіншіден, республика сыртқы күштердің күшті саяси және ақпараттық қысымын көрді. Оған қоса ел бұрынғы кеңестік мемлекеттер сияқты экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге тап болды.

Дер кезінде реттелмеген жанжал жылдам радикалдана бастайды, ал Орталық Азия аймағында орналасқан кез-келген елдің ішіндегі радикалданған

саяси жағдайдың өршуі тек сол елге ғана емес, сондай-ақ барлық аймақтық қауіпсіздік үшін де үлкен қауіп-қатер әкеледі.

Қазіргі Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік өңірдегі әрбір елдегі саяси ахуалдың тұрақтылығына тікелей байланысты. Өз кезегінде саяси тұрақтылық осы елдердегі ұлттық келісім мен бірегейліктің қаншалықты берік болуына байланысты. Аймақтағы елдердің ешбірінде ұлттық келісім мен бірегейлік, сонымен қатар саяси тұрақтылық мәңгі тапжылмайтын нәрсе емес екенін атап өткен жөн. Ұлттық келісім мен бірегейлікті үнемі қамтамасыз етіп отыру үшін үздіксіз туындайтын мәселелер мен қарама-қайшылықтардың шешімін толыққанды болмасада қоғамның әртүрлі топтарының, саяси топтардың мүдделеріне сай уақытылы, қанағаттанарлық шешім тауып отыру қажет.

Ел ішінде туындаған саяси тұрақсыздық және бара-бара шиеленіскен қарама-қайшылықтар мен мәселелердің уақытылы шешімін таппауы оппозициалық топтар мен үкіметті қолдаған күштер арасында қанды және қылмыстық сипатқа ие қарулы қақтығыстарды болдырды [2].

Осылайша, Тәжікстан Республикасындағы ішкі тұрақсыздық, тәжік-ауған шекарасындағы шиеленіс және өршу қауіпі бүкіл Орта Азия аймағы үшін қауіпті азаматтық соғыс аймақтық және халықаралық қауымдастықты алаңдатты.

Тәжікаралық келіссөздерге келуге үш саяси фактор негіз болды - үкімет тарапынан қызығушылық, оппозиция тарапынан түсіністік және халықаралық ұйымдар мен достас елдердің делдалдығы. Жанжалды реттеуге Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және бақылаушы елдер атсалысты. Айтарлықтай маңызды рөл БҰҰ-на тиесілі болды. БҰҰ-ның белсенді қызметінің нәтижесінде тараптар мәселені саяси тұрғыда шешу қажеттілігіне сенді, келіссөздер үрдісіне қатысуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, Ауғанстан, Иран, Пәкістан, Ресей және де үш Орталық Азия мемлекеті оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан келіссөздерге бақылаушылар ретінде қатысады деген уағдаластыққа қол жеткізілді [3].

Осы орайда ең бастысы, тараптардың БҰҰ, ЕҚЫҰ және бақылаушы елдердің қатысуымен саяси диалогтар өткізу арқылы қол жеткізілген тәжікаралық қақтығысты реттеу тәжірибесінің халықаралық сипатына ерекше назар аудару қажет.

1992 жылы Тәжікстандағы ауыр жағдайды тұрақтандыру мақсатында Тәжікстан Республикасы президентінің міндетін атқарушы Акбаршо Искандаров БҰҰ-на екі мәрте өтініш білдірген. Жағдайды толыққанды талдаудан өткізген соң БҰҰ Бас хатшысы Бутрос Гали сол жылдың 29 қазанында Тәжікстанға ізгі ниет миссиясын жіберу шешімін қабылдаған.

Осылайша Тәжікстандағы жағдайды реттеуде 1994 жылдан 1996 жылға дейін БҰҰ қамқорлығымен, Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Иран, Пәкістан, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан бақылаушыларымен, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі Кеңес (1995 жылдан бастап ЕҚЫҰ) және Ислам конференциясы ұйымдарының (ИКҰ) қатысуымен бес

тәжікаралық келіссөздер раунды өткен болатын. Олар Мәскеу, Тегеран, Исламабад, Алматы және Ашхабад қалаларында өтті. Ұлттық татуласу жөніндегі тәжікаралық қақтығыс келіссөздерінің барлық раундтары нәтижесінде Тәжікстаннан босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушылар мәселелері жөніндегі бірлескен комиссия құру туралы хаттамаға қол қойылды, қорғаныстар келісімге қол қойылғаннан кейін бір ай ішінде әскери тұтқындарды босату туралы келісімге келді, Тегеранда қол жеткізілген атысты уақытша тоқтату туралы келісімді үш айға ұзарту туралы келісімге қол жеткізілді [4].

Тәжікстандағы азаматтық соғыс келіссөздерінің төртінші раунды БҰҰ қамқорлығымен, Ауғанстан, Иран Ислам Республикасы, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, ЕҚЫҰ және ИКҰ байқаушыларының қатысуымен Қазақстанда, Алматы қаласында 22 мамыр мен 1 маусым аралығында өткен болатын. Келіссөздер барысында делдалдық қызметтерді БҰҰ Бас хатшысының Арнайы өкілі Рамиро Пирис-Баллон атқарды. Келіссөздер ашық және іскерлік ортада өтті [5].

Тәжікстан Республикасы Үкіметінің және тәжік оппозициясының делегациясы БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілінен Тәжікстан республикасының басшылығымен, тәжік оппозициясының көшбасшыларымен және басқа да мүдделі тараптармен тәжікаралық саяси диалогты жалғастыруға байланысты мәселелер бойынша консультациялар өткізуді сұрады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Б.Н. Ельцин мен Эмомали Рахмонның Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту және кеңейту туралы декларацияға, қос азаматтық мәселелерін реттеу туралы шартқа, 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған экономикалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары мен бағыттары туралы келісімге, сондай-ақ үкіметтер арасындағы қаржы-өнеркәсіптік топтарды құрудың негізгі қағидаттары туралы келісімге қол қойылды [4, 93 б.].

Алматыда өткен келіссөздердің аяқталғанымен тараптар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевқа Алматыда келіссөздер раундын өткізуде, сондай-ақ келіссөздер барысында делдалдық қызметтерді атқарған БҰҰ Бас хатшысының Арнайы өкілі Рамиро Пирис-Баллон мырзаға келіссөздер раундын ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсеткені үшін зор алғыс білдірді [5].

Тәжікстандағы азаматтық соғыс 5 жылға созылып, 1996 жылы желтоқсанда іс жүзінде тоқтатылды. Ал 1997 жылдың маусым айының 27-де бейбітшілік орнату және ұлттық мәмілеге келу туралы жалпы келісімге қол қойылды [6].

Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонның 1999 жылы БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннанмен кездесуінде БҰҰ Тәжікстандағы жанжалды реттеуде бірегей тәжірибе жинағаны атап өтілді. Бұл тәжірибе жағдайды реттеу тәсілдері, қағидаттары мен тетіктері тұрғысынан, сонымен қатар халықаралық ұйымдар мен қаржы институттарын "қауіпті аймақта"

бейбітшілік пен тұрақтылықты бекіту тұрғысынан да зерделеуді талап етеді [7].

Тәжікстанда орын алған азаматтық соғыста Қазақстанныңда атқарған өзіндік ролі бар. Қазақстан көршілес елдермен бірлесіп тәжікаралық әскери қақтығысты бейбіт жолмен реттеуге белсене қатысты, ал ТМД бітімгершілік күштері құрамындағы қазақстандық жиынтық батальоны сегіз жыл бойы тәжік-ауған шекарасын қорғау жөніндегі үкіметтік міндетті орындады [8]. Аталмыш міндетті орындаудың негізгі себебі ТМД елдері басшыларының 1993 жылы тәжік-ауған шекарасын банд құрылымдарынан бірлесіп қорғау жайлы келісімге қол қоюынан басталған еді. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің (ҰҚК) Шекара қызметінің, Қорғаныс министрлігінің және ҚР ІІМ ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерінен құрылған қазақстандық жиынтық батальон аймақта Отан мен одақтастар алдындағы әскери борышын абыроймен атқарды. 1993 жылдың маусымынан 2001 жылдың ақпанына дейін он мыңнан астам қазақстандық жауынгер ТМД-ның оңтүстік шекараларын қорғауда тұрды [9]. Тәжікаралық қақтығыстардағы Қазақстанның бітімгершілік күштерінің маңызын және орнын айтуда шын мәнісінде бұл оның алғашқы бітімгерлері болғанын атап өткен жөн.

Тәжікстандағы бес жылдық қанды соғыс көптеген этникалық азшылықтардың көшуіне және жаппай демографиялық көтерілістерге әкелді. Елінен еріксіз көшуге мәжбүр болған азаматтарды қабылдаған алғашқы мемлекеттердің бірі Қазақстан болған. Кейбір бағалаулар бойынша олардың саны шамамен 6 мың адамды құрады [10].

Тәжікстандағы орын алған жағдайдың ұқсасы 2022 жылы Қазақстанда да орын алған болатын. 2022 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда сұйытылған газ бағасының литрі 50-60 теңгеден 120 теңгеге көтерілуі салдарынан ең алдымен Маңғыстау облысында одан соң елдің басқада қалаларында халық наразылығынан туындаған көтеріліс болды. Алғашында экономикалық талаптармен басталып кейіннен саяси, әлеуметтік талаптарға ұласқан көтеріліс бірнеше күнде мемлекеттің Алматы және Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалаларында жаппай тәртіпсіздіктер мен лаңкестік шабуылдарға ұласты. Көтеріліс нәтижесінде елде төтенше жағдай режимі енгізіліп, үкімет отставкаға кетті. Жағдайды барынша реттеу және тұрақтандыру мақсатында ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚШҰ) мүшелерінен көмек беруге өтініш білдірді.

Осылайша, ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің 2022 жылғы 6 қаңтарда қабылдаған шешіміне сәйкес, жағдайды тұрақтандыру және қалыпқа келтіру мақсатында Қазақстанға Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық бітімгершілік күштері жіберілді. Олардың құрамына Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы қарулы күштерінің бөлімшелері жағдайдың реттелуінің белгілі бір уақыт аралығына кірді [11].

ҰҚШҰ ұжымдық бітімгершілік күштерінің негізгі міндеттері маңызды мемлекеттік және әскери объектілерді қорғау, Қазақстан Республикасының құқықтық тәртіп күштеріне жағдайды тұрақтандыруға және оны құқықтық

алаңға қайтаруға жәрдемдесу болды. Осы жылдың 19 қаңтарында ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Засьтың мемлекет басшыларына жолдаған жеделхатында ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мүшелерін, Ұйымның Ұжымдық бітімгершілік күштері контингенттерін Қазақстан аумағынан шығарудың аяқталғаны туралы хабардар етті. Сондай-ақ жеке әскери құрамның, қару-жарақ пен әскери техникалардың шығындары болмағанын да атап өтті [12].

Қорытынды

Қорытындылай келе, Біріккен Ұлттар Ұйымы келіссөздер барысында және елдегі бейбітшілікке қол жеткізу кезеңінде тәжік тараптарына баға жетпес көмек көрсетіп қана қоймай, нақты мәселелерді шешу кезінде маңызды тәжірибеге ие болды. Сондай-ақ Қазақстандағы қаңтар оқиғасы кезіндегі жағдайды реттеудегі ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің де өзіндік қызметін атқарғанында атап өткен жөн. Екі жағдайдан да түйетініміз елдер арасындағы ынтымақтастық пен мықты аймақтық және халықаралық интеграция бар жерде саяси тұрақтылық пен аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін үлкен жағдайлар бар.

Тәжікстанның соғыстан шығу тәжірибесі, ұлттық келісімге келуі және саяси тұрақтылыққа қол жеткізуі Орталық Азия елдерінде бар саяси және басқа да қарама-қайшылықтарды тек күш қолдану әдістерімен ғана шешуге ұмтылыс перспективалы емес екенін көрсетеді. Жалпы аймақтағы кез-келген елде орын алған жанжалдың реттелуі тек бір мемлекеттің ғана емес сонымен бірге халықаралық және аймақтық ұйымдардың бітімгершілік күштерінің қолдауы тұрғысында жүзеге асырылатынын тәжірибеде көріп отырмыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Морозов Ю.В. Миротворчество как инструмент стабилизации обстановки. - Москва: Институт Европы РАН, 2002. - С. 29

[2] Country Profile: Tajikistan, January 2007 // Library of Congress — Federal Research Division // <https://www.loc.gov/frd/cs/profiles/Tajikistan-new.pdf>. Accessed 25.03.2022.

[3] Абдуллоев И. ООН и межтаджикский конфликт: миротворческая миссия оон в межтаджикском диалоге // <file:///C:/Users/user/Downloads/oon-i-mezhtadzhikskiy-konfliktmirotvorcheskaya-missiya-oon-v-mezhtadzhikskom-dialoge.pdf>. Accessed 28.03.2022.

[4] Кризисы и конфликты на постсоветском пространстве // Межтаджикский конфликт, гражданская война 1991-1996 гг. в Таджикистане и проблемы мирного урегулирования. – М., 2014. – С. 93.

[5] Арыстанбекова А.Х. Письмо постоянного представителя Казахстана при организации Объединенных Наций от 5 июня 1995 года на имя Генерального Секретаря // https://www.un.org/securitycouncil/sites/www.un.org.securitycouncil/files/ru/sc/repertoire/96-99/96-99_intro.pdf. Accessed 1.04.2022.

[6] Голыд А. Миротворческие операции - средство реализации национальных интересов России // Известия. – 1995. – 2.12.

[7] Назаров Т.Н. Таджикистан: экономическое сотрудничество и безопасность. - Душанбе, 2003. – С.132-133.

[8] Ауелбаев Б. Казахстан и Центральная Азия: приоритетные направления сотрудничества, 19 апреля, 2021 г. // <https://strategy2050.kz/ru/news/kazakhstan-i-tsentralnaya-aziya-prioritetnye-napravleniya-sotrudnichestva/>. Accessed 28.03.2022.

[9] Курбанова М. Бесстрашный казбат: История казахстанских миротворцев в Таджикистане // <https://asiaplustj.info/ru/news/life/person/20150508/besstrashnyi-kazbat-istoriya-kazahstanskikh-mirotvortsev-v-tadzhikistane>. Accessed 29.03.2022.

[10] U.S. Committee for Refugees World Refugee Survey 1997- Tajikistan // The UN Refugee Agency (UNHCR): US Committee for Refugees and Immigrants. - 1997. – 1.01.

[11] Шашкина А. Миротворческая миссия ОДКБ в Казахстане: первая и успешная. 2022 // <https://ru.sputnik.kz/20220119/mirotvorcheskaya-missiya-odkb-kazakhstan-19176096.html>. Accessed 4.04.2022.

[12] Зайнетдинов В. Генеральный секретарь ОДКБ проинформировал глав государств - членов ОДКБ о завершении вывода миротворческих контингентов с территории Республики Казахстан // https://odkb-csto.org/news/news_odkb/generalnyy-sekretar-odkb-proinformiroval-glav-gosudarstv-chlenov-odkb-o-zavershenii-vyvoda-mirotvorch/#loaded Accessed 4.04.2022.

REFERENCES

[1] Morozov Yu.V. Mirotvorchestvo kak instrument stabilizacii obstanovki. [Peacekeeping as a tool for stabilizing the situation], Moskva: Institut Evropy RAN, 2002, P. 29.

[2] Country Profile: Tajikistan, January 2007 // Library of Congress — Federal Research Division // <https://www.loc.gov/rr/frd/cs/profiles/Tajikistan-new.pdf>. Accessed 25.03.2022.

[3] Abdulloev I. OON i mezhtadzhikskij konflikt: mirotvorcheskaja missija oon v mezhtadzhikskom dialoge [UN and the inter-Tajik conflict: UN peacekeeping mission in the inter-Tajik dialogue] //C:/Users/user/Downloads/oon-i-mezhtadzhikskiy-konfliktmirotvorcheskaya-missiya-oon-v-mezhtadzhikskom-dialoge.pdf. Accessed 28.03.2022.

[4] Krizisy i konflikty na postsovetском prostranstve / Mezhtadzhikskij konflikt, grazhdanskaja vojna 1991-1996 gg. v Tadjikistane i problemy mirnogo uregulirovanija [Crises and conflicts in the post-Soviet space. Inter-Tajik conflict, civil war 1991-1996 in Tajikistan and Problems of a Peaceful Settlement]. M., 2014, P. 93.

[5] Arystanbekova A.Kh. Pis'mo postojannogo predstavitelja Kazahstana pri organizacii Obedennyh Nacii ot 5 ijunja 1995 goda na imja General'nogo Sekretarja [Letter dated 5 June 1995 from the Permanent Representative of Kazakhstan to the United Nations addressed to the Secretary General]. https://www.un.org/securitycouncil/sites/www.un.org.securitycouncil/files/ru/sc/repertoire/96-99/96-99_intro.pdf. Accessed 1.04.2022.

[6] Golyd A. Mirotvorcheskie operacii - sredstvo realizacii nacional'nyh interesov Rossii [Peacekeeping operations are a means of realizing Russia's national interests].Izvestija. 1995. 2 dek.

[7] Nazarov T.N. Tadjikistan: jekonomicheskoe sotrudnichestvo i bezopasnost'(Tajikistan: economic cooperation and security). - Dushanbe, 2003. – S.132-133.

[8] Auelbaev B. Kazahstan i Central'naja Azija: prioritetnye napravlenija sotrudnichestva [Kazakhstan and Central Asia: priority areas of cooperation] 19 aprilja, 2021 g. <https://strategy2050.kz/ru/news/kazakhstan-i-tsentralnaya-aziya-prioritetnye-napravleniya-sotrudnichestva>. Accessed 28.03.2022.

[9] Kurbanova M. Besstrashnyj kazbat: Istorija kazahstanskikh mirotvorcev v Tadjikistane [Fearless kazbat: The history of Kazakh peacekeepers in Tajikistan // <https://asiaplustj.info/ru/news/life/person/20150508/besstrashnyi-kazbat-istoriya-kazahstanskikh-mirotvortsev-v-tadzhikistane>. Accessed 129.03.2022.

[10] U.S. Committee for Refugees World Refugee Survey 1997 — Tajikistan // The UN Refugee Agency (UNHCR): US Committee for Refugees and Immigrants. 1997. 1, Jan.

[11] Shashkina A. Mirotvorcheskaja missija ODKB v Kazahstane: pervaja i uspeshnaja [CSTO peacekeeping mission in Kazakhstan: the first and successful] <https://ru.sputnik.kz/20220119/mirotvorcheskaya-missiya-odkb-kazahstan-19176096.html> Accessed 4.04.2022.

[12] Zajnetdinov V. General'nyj sekretar' ODKB proinformiroval glav gosudarstv - chlenov ODKB o zavershenii vyvoda mirotvorcheskih kontingentov s territorii Respubliki Kazahstan [The CSTO Secretary General informed the heads of the CSTO member states about the completion of the withdrawal of peacekeeping contingents from the territory of the Republic of Kazakhstan] https://odkb-csto.org/news/news_odkb/generalnyy-sekretar-odkb-proinformiroval-glav-gosudarstv-chlenov-odkb-o-zavershenii-vyvoda-mirotvorch/#loaded. Accessed 4.04.2022.

ГРАЖДАНСКАЯ ВОЙНА В ТАДЖИКИСТАНЕ И МИРОТВОРЧЕСКАЯ РОЛЬ ООН И КАЗАХСТАНА

*Жабина Ж.Р.¹, Сейтнур Ш.А.²,

¹доктор политических наук, доцент КазУМОиМЯ имени Абылай хана Алматы, Казахстан, zhabina_zh@mail.ru,

²магистрант 2 курса КазУМОиМЯ имени Абылай хана Алматы, Казахстан, e-mail: Shinar.askarovna@mail.ru

Аннотация. Целью данной статьи является анализ деятельности миротворческих сил ООН, стран-наблюдателей, а также Казахстана в урегулировании гражданской войны в Таджикистане. В статье утверждается о том, что Организация Объединенных Наций не только оказала неоценимую помощь в урегулировании межконфессиональных конфликтов и достижении мира в стране, но и приобрела важный опыт в решении конкретных ситуаций, который может быть полезен для ее деятельности в будущем.

В статье авторы подчеркивает переговорные процессы и их результаты, состоявшихся в целях стабилизации тяжелой ситуации в государстве, а также о роли региональной организации ОДКБ в урегулировании восстаний в ряде городов Казахстана, как аналогичной ситуации в Таджикистане.

Анализируя опыт Таджикистана по преодолению войны, достижению национального примирения и достижению политической стабильности, авторы отмечают, что попытки решить политические и социальные конфликты в Центральной Азии только силовым путем малоперспективны.

Ключевые слова: гражданская война, Таджикистан, ООН, Казахстан, конфликт, переговоры, ОДКБ.

THE CIVIL WAR IN TAJIKISTAN AND THE PEACEKEEPING ROLE OF THE UN AND KAZAKHSTAN

*Zhabina Zh.R.¹, Seitnur Sh.A.²

¹Doctor of Political Sciences, Associate Professor, Ablai Khan KazUIRandWL,

Almaty, Kazakhstan, zhabina_zh@mail.ru,

²2nd year Master's student, Ablai Khan KazUIRandWL Алматы, Kazakhstan, e-mail: Shinar.askarovna@mail.ru

Abstract. The purpose of this article is to analyze the activities of the UN peacekeeping forces, observer countries, as well as Kazakhstan in the settlement of the civil war in Tajikistan. The author claims that the United Nations has not only provided invaluable assistance in resolving interfaith conflicts and achieving peace in the country, but has also gained important experience in solving specific situations that may be useful for its activities in the future.

In the article, the authors emphasize the negotiation process and its results, which took place in order to stabilize the difficult situation in the state, as well as about the role of the CSTO regional organization in settling uprisings in a number of cities of Kazakhstan, as a similar situation in Tajikistan. Analyzing Tajikistan's experience in overcoming the war, achieving national reconciliation and achieving political stability, the authors point out that attempts to resolve political and social conflicts in Central Asia through the use of force alone are not promising.

Keywords: civil war, Tajikistan, UN, Kazakhstan, conflict, negotiations, CSTO.

Статья поступила 14.05.2022